

ISSN 2616-678X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

**ВЕСТНИК**

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**BULLETIN**

of the L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

**ФИЛОЛОГИЯ** сериясы

Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

**PHILOLOGY** Series

**№2 (123) / 2018**

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

#### Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сатпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413)

E-mail: vest\_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген Құрманғалиев Ілияс

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы**

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

#### **Editorial board**

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008  
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31413)  
E-mail: vest\_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

#### **Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© **L.N.Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

#### **Редакционная коллегия**

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408  
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413)  
E-mail: vest\_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка Ильяс Курмангалиев

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ**  
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК  
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.  
Периодичность: 4 раза в год  
Тираж: 35 экземпляров  
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

## Мазмұны

<i>Абасилов А.М.</i> Жаңа қазақ әліпбиі: әлеуметтік лингвистикалық мәселелері, оларды шешу жолдары .....	8
<i>Абдуов М.И., Абдуова Н.М.</i> «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының діни мотивтері ..	15
<i>Абдразакова А.А., Ахметова Б.Б., Қасқатаева Ж.А., Бакенова А.М.</i> Сан компонентті кейбір киелі ұғымдардың қалыптасу тарихынан .....	21
<i>Аймұхамбет Ж.Ә.</i> Мифтік кеңістіктегі <i>адамзат</i> пен <i>пері-зат</i> байланысы және оның көркем әдебиетте бейнеленуі .....	30
<i>Амангазиева М.К.</i> Л.З. Будаговтың «Түрік-татар сөздерінің салыстырмалы сөздігінің» қазақ лексикографиясындағы орны .....	38
<i>Аубакирова Г.Т., Володина Е.О., Калиева С.Н.</i> Кәсіби-бағытталған шетел тілін үйренудің тұлғалық-бағытталған тәсілі .....	44
<i>Байбек А.К.</i> Үкілі Ыбырай – сан қырлы дарын иесі .....	51
<i>Байбеков С.Н., Шормакова С.М., Аязбекова Э.М.</i> Ұлы Дала көне есептері және оның Бөлтірік шешен шығармашылығындағы көрінісі .....	63
<i>Гауриева Г.М., Жумабекова Ә.А.</i> Студенттердің тілдік компетенциясын қалыптастыруда аутенттік мәтіндерді қолдану .....	74
<i>Ерғалиева Райхан</i> Қазіргі заманғы қоғамдағы ұлттық мәдени мұраның проблемалары .....	76
<i>Жұманбекова Н.З., Кабдушева А.Б.</i> Студенттерде шетелдік құзыреттілікті қалыптастыру .....	81
<i>Искакова Н.С., Ислам А.</i> Заманауи лингвистикадағы бағалау теориясының дамуы .....	86
<i>Құзбақова Г.Ж.</i> Қазақ әдет-ғұрыптық ән ырғақтылығындағы сөз просодикасы .....	96
<i>Қыдырмолдина М., Нуржанова Ж.</i> Ағылшын тілін үйрену мен оқытудың маңыздылығы .....	105
<i>Лазухина Л.В., Әбдіғалиева Т.А.</i> У. Шекспирдің «Отелло» пьесасындағы одағайлардың қазақ тіліне аударылуына талдау .....	109
<i>Нұрдәулетова Б.И.</i> Жыраулар поэзиясы мәтінінің коммуникативтік ерекшелігі .....	116
<i>Нұржанова Ж.Д., Дадехан Ж.Б.</i> Интернет көмегімен ағылшын және қазақ тілінің сөздік қорын оқыту әдістемесі .....	123
<i>Нұржаубек А.</i> Қазіргі әлемдік және отандық лингвистикадағы фрейм туралы ізденістер .....	129
<i>Оспанова А.К., Турдығылова А.К., Бакенова А.М.</i> Шетел тілі мұғалімдерінің рефлексивті қабілеттіліктерін дамуы .....	139
<i>Тұрысбек Р.</i> Ұлттық тіл табиғаты: әліпби мәні мен эволюциясы ( <i>Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінің тарихы мен даму үрдістері туралы</i> ) .....	146
<i>Рысбаева Г.Қ., Исаева Ж.Т., Тұңғышбаева Ғ.Ж.</i> Ғаламның тілдік «культ» концептісі .....	155
<i>Сәрсекенова Қ.Қ., Меліс А.М., Тойбекова С.Р.</i> Филология мамандығы бойынша білім алушыларды компьютерлік технология бағытында оқыту .....	166
<i>Шаймерденова Н.Ғ.</i> Қазақстандағы татарлардың тарихы, тілі, мәдениеті .....	173
<i>Жазбадерек.</i> Гуманитарлық ғылымдарға саясимәдениет әлемінде заманауи зерттеу .....	185
<i>Рәсімдеу үлгісі</i> .....	188

## Contents

<i>Abasilov A.M.</i> New Kazakh Alphabet: Sociolinguistic Problems and Their Solutions .....	8
<i>Abduov M.I., Abduova N.M.</i> Religious Motifs in “Kozy Korpesh – Bayan Sulu” Poem .....	15
<i>Abdrzakova A.A., Akhmetova B.B., Kaskatayeva Zh.A., Bakenova A.M.</i> From History of Development of Some Sacral Concepts with Numerical Component .....	21
<i>Aimukhambet Zh.A.</i> The interdependence of humanity with the fairy in the mythical space and its reflection in the artistic literature .....	30
<i>Amangazyieva M.K.</i> L.Z.Budagov’s «Comparative Dictionary of Turkish-Tatar Words» in Kazakh Lexicography .....	38
<i>Aubakirova G.T., Volodina E.O., Kalieva S.N.</i> Personally-Oriented Approach in Teaching Professionally-Oriented Foreign Language .....	44
<i>Baibek A.K.</i> Ykili Ybray – Versatile Master of Transformations .....	51
<i>Baybekov S.N., Shormakova S.M., Ayazbekova I.M.</i> Ancient Tasks of the Great Steppe and Their Place in Boltirik Sheshen’s Work .....	63
<i>Gauriyeva G.M., Zhumabekova A.A.</i> Use of Authentic Texts for Formation of Students’ Linguistic Competence .....	74
<i>Yergaliyeva Rakhan</i> The Problem of National Cultural Heritage in Modern Society .....	76
<i>Zhumanbekova N.Z., Kabdusheva A.B.</i> Formation of Foreign Competencies in Students .....	81
<i>Iskakova N.S., Islam A.</i> Development of Evolution Theory in Modern Linguistics .....	86
<i>Kuzbakova G.Zh.</i> Prosody of the Word in Kazakh Ritual Song Rhythmics .....	96
<i>Kydyrmoldina M.S., Nurzhanova Zh.D.</i> The Importance of Learning and Teaching English Language .....	105
<i>Lazukhina L.V., Abdygalieva T.A.</i> Analysis of the translations of U. Shakespeare’s «Othello» plays in the Kazakh language .....	109
<i>Nurdauletova B.I.</i> Communicative Peculiarities of the Bard Texts .....	116
<i>Nurzhanova Zh.D., Dadekhan Zh.B.</i> Teaching English and Kazakh vocabulary by means of the Internet .....	123
<i>Nurzhaubek A.</i> Frame Research in the Modern World and Domestic Linguistics .....	129
<i>Ospanova A.K., Turdygylova G.D., Bakenova A.M.</i> Development of Reflexive Abilities of Foreign Languages Teacher .....	139
<i>Turysbek R.</i> Kazakh Inscription is Spirituality (About the history and trends of the Kazakh language based on Latin graphics) .....	146
<i>Rysbayeva G.K., Issayeva Zh.T., Tungushbayeva G.Zh.</i> Concept of “Cult” in Linguistic Picture of the World .....	155
<i>Sarekenova K.K., Melis A.M., Toybekova S.R.</i> Training Graduates of Philology Specialty in the Field of Computer Technology .....	166
<i>Shaymerdinova N.G.</i> The History, Language and Culture of Tatars in Kazakhstan .....	173
<b>Chronicle.</b> Modern research on humanitarian sciences in the polycultural peace .....	185
<b>Template</b> .....	188



## Содержание

<i>Абасилов А.М.</i> Новый казахский алфавит: социолингвистические проблемы, пути их решений .....	8
<i>Абдуов М.И., Абдуова Н.М.</i> Религиозный мотивы в лиро-эпическом произведений «Козы Корпеш – Баян сулу» .....	15
<i>Абдразакова А.А., Ахметова Б.Б., Каскатаева Ж.А., Бакенова А.М.</i> Из история развития некоторых сакральных понятий с компонентами числительных .....	21
<i>Аймухамбет Ж.А.</i> Взаимосвязь человечества с феи в мифическом пространстве и его отражение в художественной литературе .....	30
<i>Амангазиева М.К.</i> Роль «Сравнительного словаря турецко-татарских наречий» Л.З. Будагова в казахской лексикографии .....	38
<i>Аубакирова Г.Т., Володина Е.О., Калиева С.Н.</i> Личностно-ориентированный подход в обучении профессионально-ориентированному иностранному языку .....	44
<i>Байбек А.К.</i> Үкілі Ыбырай – многоликий мастер перевоплощений .....	51
<i>Байбеков С.Н., Шормакова С.М., Аязбекова Э.М.</i> Древние задачи Великой Степи и их место в творчестве Болтирик шешена .....	63
<i>Гауриева Г.М., Жумабекова А.А.</i> Использование аутентичных текстов при формировании языковой компетенции студентов .....	70
<i>Ергалиева Р.А.</i> Проблемы национального культурного наследия в современном социуме .....	76
<i>Жуманбекова Н.З., Кабдушева А.Б.</i> Формирование иноязычных компетенций у студентов .....	81
<i>Искакова Н.С., Ислам А.</i> Развитие теории оценки в современной лингвистике .....	86
<i>Құзбақова Г.Ж.</i> Просодика слова в казахской обрядовой песенной ритмике .....	96
<i>Қыдырмолдина М., Нуржанова Ж.</i> Важность обучения и преподавания английского языка .....	105
<i>Лазухина Л.В., Абдигалиева Т.А.</i> Анализ перевода на казахский язык междометий пьесы У. Шекспира «Отелло» .....	109
<i>Нурдаулетова Б.И.</i> Коммуникативные особенности текстов жырау .....	116
<i>Нуржанова Ж.Д., Дадехан Ж.Б.</i> Приемы изучение английской и казахской лексики с помощью интернет .....	123
<i>Нуржаубек А.</i> Фреймовый подход в современной отечественной и мировой лингвистике .....	129
<i>Оспанова А.К., Турдыгылова А.К., Бакенова А.М.</i> Развитие рефлексивных умений учителей иностранных языков .....	139
<i>Турысбек Р.</i> Природа национального языка: сущность и эволюция алфавита ( <i>Об истории и тенденциях казахского языка на основе латинской графики</i> ) .....	146
<i>Рысбаева Г.К., Исаева Ж.Т., Тунгышбаева Г.Ж.</i> Концепт «Культ» в языковой картине мира .....	155
<i>Саркенова К.К., Мелс А.М., Тойбекова С.Р.</i> Обучение выпускников филологических специальностей в области компьютерных технологий .....	166
<i>Шаймерденова Н.Г.</i> История, язык, культура татар в Казахстане .....	173
<i>Хроника.</i> Современные исследования по гуманитарным наукам в поликультурном мире ...	185
<b>Образец оформления статьи</b> .....	188

# ФИЛОЛОГИЯ PHILOLOGY



ХҒТАР 16.21.27

**А.М. Абасилов**

*Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан  
(E-mail: aman\_abasilov@mail.ru)*

## **Жаңа қазақ әліпбиі: әлеуметтік лингвистикалық мәселелері, оларды шешу жолдары**

**Аңдатпа.** Мақалада автор тіл саясаты, оның нысаны мен мақсаты туралы айта келіп: «адамдар тілден нені өзгерткісі келеді, тілдің өзіндік жүйесі мен құрылымына, дамуына қалай әсер ете алады, ол қаншалықты мүмкін, мұндай тіл саясатын кім жоспарлайды және кім жүргізеді?» деген сұрақтарға жауап береді. Көптеген елдерде тіл саясатын жоспарлайтын негізгі субъекті деп әр алуан мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен институттарды атайды. Олар тілдің нормативті-стилистикалық жүйесін жасау, терминологиясын қалыптастыру мен дамыту және әліпби мен оның емлесін жасау, жетілдіру мәселелерімен айналысады. Осылардың ішінде әліпби - жазба тілді қатыптастырудағы саналы әрекеттердің бірі, тіл саясатының басты нысаны екендігіне арнайы тоқталады.

Мақала авторы қай қоғамда, қай елде болмасын әліпби жасау немесе оны ауыстру – бұл жалпыхалықтық, оның ішінде ұлттық мәселе екендігін айта келе, ол - саяси, мәдени, лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, әлеуметтік, экономикалық т.б. жақтан ойланып, толғанып шешетін маңызды әрі күрделі проблема дейді. Оның себептерін санамалап түсіндіреді. Әліпби ауыстырудың қажеттілігі, латын әліпбиін таңдау себебі, ұсынылған әліпби жобалары туралы талдамалық-сараптамалық ойлар ортаға салынады.

**Түйін сөздер:** тіл саясаты, лингвистика, әліпби, латын графикасы, қазақ жазуы.

**Кіріспе.** Саясат, оның ішінде тіл саясаты туралы айтқанда белгілі бір мақсатты жүзеге асыруға бағытталған саналы әрекетті түсінеміз. Тілге қатысты адамдардың қандай саналы әрекеті, оны өзгертуге бағытталған нендей мақсаты болуы мүмкін? Адамдар тілден нені өзгерткісі келеді? Адамдар тілдің өзіндік жүйесі мен құрылымына, дамуына қалай әсер ете алады, ол қаншалықты мүмкін?! Мұндай тіл саясатын кім жоспарлайды және кім жүргізеді? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

**Өзектілігі.** Тіл мен саясат - тіл дамытудың өзара тығыз байланысты категориялары. Тіл – саясаттың әрі нысанасы (объектісі), әрі құралы. Ал саясат – тіл тағдырын шешетін мемлекеттің өзіндік ұстанған бағыты, шаралар жүйесі. Демек, қандай да бір мемлекеттегі тілдердің қоғамдық қызмет ауқымын саналы түрде арнайы дамытуға болатыны, не болмайтындығы туралы мәселенің басын ашып алу қажет.

Жалпы әлемдік тәжірибеге назар аударсақ, тіл екі түрлі жолмен дамиды да, құриды да: оның бірі – өзінен-өзі, арнайы ұйымдастырылмаған (стихиялы) түрде дамиды, не қолданыстан шығып құриды; екіншісі – қоғам, мемлекет тарапынан керекті бағытты жоспарлы түрде арнайы дамыту, не құрту. Ендеше қоғамдағы не белгілі бір мемлекеттегі тіл мәселелерін шешу мақсатында белгіленген лингвистикалық шаралар мен идеологиялық принциптер жиынтығы тіл саясатын құрайды [1, 616.]. Көптеген елдерде тіл саясатын жоспарлайтын негізгі субъекті деп әр алуан мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен институттарды атайды. Ал адамдардың саналы әрекетін қажет ететін тілдің негізгі салалары деп әлеуметтік лингвистикалық әдебиеттерде тілдің нормативті-стилистикалық жүйесі,



терминологиясын қалыптастыру мен дамыту және әліпбиі мен емлесін жасау, жетілдіру мәселелері көрсетіледі. Осылардың ішінде әліпби - жазба тілді қатыптастырудағы адамдардың саналы әрекеттерінің бірі, тіл саясатының басты нысаны екендігін көреміз.

**Әліпби** - арғы тегі гректің «alphabetos», яғни *альфа* және *бета* деген басқы әріптердің атынан алынған атау. Ол жеке дыбыстық элементтерді символ арқылы бейнелеп, тілдегі сөздердің дыбыстық келбетін бейнелейтін таңбалар жүйесі. Әліпбидің дүниеге келуі кез келген табиғи тілдердегі мәтінді жазуға мүмкіншілік берді. Жазудың шығуы мәдениеттің дамуына көп әсер етті. Тіл өзінің өмірдің түрлі салаларындағы қызметін кеңейтті, дамудың жаңа жолына түсіп, жаңа мүмкіндіктерге ие болды.

Қай қоғамда, қай елде болмасын әліпби жасау немесе оны ауыстыру – бұл жалпыхалықтық, оның ішінде алдымен ұлттық мәселе. Сондықтан ол - саяси, мәдени, лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, әлеуметтік, экономикалық т.б. жақтан ойланып, толғанып шешетін маңызды әрі күрделі проблема. Олай дейтін себебіміз:

**Біріншіден**, тіл табиғатына сай әліпби жасау мен таңдау мемлекеттің тіл саясатының бағытын танытады.

**Екіншіден**, төл әліпби, төл жазу қандай да бір ұлттың мәдени құндылығын, оның өзіндік бет-бейнесін көрсетеді.

**Үшіншіден**, тілдің табиғатына, даму заңдарына, фонетикалық жүйесі мен грамматикалық құрылысына лайықталып таңдалған, соған сәйкес орфографиялық, орфоэпиялық ережелерін жасауға икемді әліпби жасау лингвистикалық біліктілікті көрсетеді.

**Төртіншіден**, таңдалып алынған әліпбиді қоғам санасы дұрыс қабылдап, тілдің қоғамдағы қызмет етуін толыққанды өтей алуы, тіл тұтынушылардың сол тілді еркін меңгеруіне ықпал етуі, тілдік бөгетті жеңе алуы мәселенің әлеуметтік лингвистикалық қырын танытады.

**Бесіншіден**, әліпби ауыстыру – бұл, тілдік реформа жүргізу деген сөз. Ал тілдік реформаның басқа реформалардан айырмашылығы – ол, тілді тұтынушы халықтың әрбір мүшесіне дейін қамтитындығында. Сондықтан әліпби ауыстыру ұлттық жаңғырудың бастамасы, еліміздің лингвистикалық егемендігінің белгісі саналады. Бұл үшін алдымен халық арасында мәселенің мәнін ашып түсіндіру, ұғындыру, насихаттау т.б. жұмыстар жүргізілуі керек.

**Алтыншыдан**, әліпби ауыстыру көп қаражатты қажет етеді. Демек, ол экономикалық жақ-тан нақтылы әрі тиімді шешілуі керек. Олай болса, осы және басқа мәселелерді жинақтап қорытындылайтын, бағыт-бағдар көрсететін үкімет тарапынан арнайы тұжырымдама қабылдануы тиіс.

2006 жылдың қазанында президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықтар ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде: «Латын әліпбиін қарайтын кез келді. Бұл мәселені кезінде кейінге қалдырған едік. Қалай болғанда да, латын әліпбиі бүгін де телекоммуникациялық салаларда басымдыққа ие болып отыр. Сондықтан да, бұрынғы кеңестік елдердің көпшілігінің латын әліпбиіне көшуі де кездейсоқ емес. Мамандар осы мәселені зерттеп, нақты ұсыныстарын жасауы тиіс. Біздің балаларымызды ағылшын тілінде оқытудың өзі латын әліпбиімен байланысты. Ал біз қазір барлық мектептерде ағылшын тілін оқытамыз. Сондықтан мұнда тұрған қорқынышты ештеңе жоқ, -дей келіп, - ...Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай оның плюстері мен минустарын зерделеп алуымыз керек», - деген еді [2].

Бұл мәселе бұдан кейін Елбасының «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында көтерілді. Онда: «Біз 2025 жылдан бастап, әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», -деп осы жолы бұл мәселеге нүкте қойды [3].

Бізге неге әліпби ауыстыру қажет дегенге келсек, оның көптеген себептері бар. **Біріншіден**, тіліміздің табиғи заңдылықтары бұзылып барады. Өзге тілдің дыбысы, өзге тілдің сөзі, өзге тілдің ережесі өз тілімізді өгейсітіп айтқанымыз жазғанымызға сәйкес келмей, өз сөзіміз өзіміздікі болмай отыр. Бұл әсіресе тіліміздің фонетикалық жүйесін қатты әсер етті. Үндестік заңы тұншықты. Тіліміз әуезділігінен айырылды.

**Екіншіден**, тіліміз осы заманғы ғылыми-техникалық прогреске икемді болмады, терминологиямыз жетіспейді деумен өзге тілдің сөзін аударамыз деп өзегіміз талды.

**Үшіншіден**, өзге тілден сөз ауысу тоқтады. Кірме сөздер қазақтың айтылуына негізделмей, сол тілдің нұсқасында енді. Тіліміз «импорттанған» сөздерге толды. Өзге тілден сөз алғанда оны басып-жаншып ұлттық дәстүрде алу керек деген принцип далада қалды. Міне, осындай және тағы басқа да факторлар тілімізді дамытуға кедергі келтіріп отыр.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамыту, әлемнің дамыған тілдерінің қатарына қосу, болашақ тілі болуына жағдай жасау – әрбір қазақ азаматының арманы. Біз бүгінгі күні әліпби ауыстыру арқылы осы уақытқа дейін кеткен кемшіліктерді жоя отырып, жаңа тұрпаттағы тіл дамыту жұмысын саналы түрде қолға алуымыз қажет.

**Зерттелетін нысанның талқылануы.** Жалпы әліпби – адамдар ақылдаса отырып жасайтын, тіл дамытудағы саналы әрекеттердің бірі. Қазіргі таңда елімізде әліпби таңдау, оның ішінде латын графикасына негізделген қазақ жазуын жасау мәселесі өткір күн тәртібіне қойылды. Мұны мен де қолдаймын. Өйткені, жоғарыда айтып өткеніміздей, орыс жазуына негізделген қазіргі қазақ-орыс жазуы ұлттық мүддеден ауытқып, басқа жаққа бет алып бара жатыр. Мұны күнделікті газет, журнал, ғылыми кітап, оқулықтардың кез келгенін алып, ондағы мәтіндердегі сөздерді орфографиясына қарай топтастырып, саралап көрсек, таразының бір басында қазақ тілінің заңдылығымен жазылған, екінші басында орыс тілінің тәртібіне түскен алабөтен сөз үйірін байқаймыз.

Жыл өткен сайын мұндай «импортталған» сөздердің саны еселеп өсіп, көбейіп бара жатыр. Бұл қазақ тілінің ежелден келе жатқан дәстүрлі нормасының бұзылу қаупін туғызып, қарсы тұру иммунитетін әлсіретуге алып келді. Ал дәстүрлі нормасынан, қорғаныштық қабілетінен айырылған тіл қанатынан айырылған құстай дәрменсіз болып, қоғамдық қызметін ойдағыдай атқара алмайды. Сондықтан тіліміздің төл табиғатын бұзбай сақтап қалу үшін қазіргі қазақ орфографиясын қалай болғанда да өзгертпей, реформаламай болмайды. Ал ол үшін қазақ тілінің фонетикалық жүйесін дәл бейнелеу тұрғысынан келгенде бізге орыс графикасынан гөрі латын алфавиті қолайлы.

Латын графикасына көшу арқылы біз тіліміздің табиғатын сақтап, даму заңдылығын бұзылмастан тілдің фонетикалық жүйесін түзеп, орфографиямызды қалпына келтіреміз. Қазіргі заманда өзімен-өзі бөлек, оқшау тұратын, томаға тұйық жеке өмір сүретін ешбір халық, ұлт жоқ. Дүниежүзі халықтары бір-бірімен әртүрлі экономикалық, мәдени, саяси т.б. қарым-қатынаста өмір сүреді. Демек, олардың осындай өзара байланыстары тілдерінің де қарым-қатынаста болуына, араласуына әкеледі. Бір тіл екінші тілден сөз алып лексикалық қоры байып, дамып отырады.

Бір-біріне сөз ауыспайтын әлемде бірде бір тіл жоқ. Бұл әсіресе қазіргідей ғаламдасу заманында қашып құтыла алмайтын заңдылық. Бірақ бір тілден екінші тілге сөз, сөз тіркесі, сөйлем т.б. тілдік бірліктер ауысып араласқанымен, бір тілден екінші тілге дыбыс алмасуы өте сирек құбылыс. Дыбыс алмасу – екінші тілдің сөзін алғанда оның дыбысын қоса алу – тіл заңдылығының бұзылуына алып келетін зиянды үдеріс. Сондықтан дүниедегі дамыған елдер өзге тілдің дыбысын алмауға, тіл заңдылығын бұзбауға, тіл тазалығын сақтауға қатты көңіл бөледі.

Айталық, ағылшындар француз сөзін қалай жазамыз деп француз тілінен дыбыс алмайды. Сол сияқты жапондықтар «қытай сөзін қалай таңбалаймыз» деп қытай дыбысын өздерінің жазу жүйесіне енгізбейді. Бір графикалық жүйеде бола тұра орыстар қазақ сөзін қалай жазамыз деп қазақтың «қ» дыбысын алмайды, өздерінің дыбысымен «казак»

деп жазады. Сол орысша жазу ізімен ұлтымыздың, мемлекетіміздің атын латын әрпімен «Kazakhstan» деп қате жазып жүрміз. Ал біз неге орыс тілінен енген «циркуль» деген сөзді «серкөл» деп жазбай, сол тілдің «ц» дыбысын әліпбиімізге енгізіп, «циркуль» деп жазуға мәжбүр боламыз.

Қазақтар мен орыстар көрші халықтар ретінде ежелден қатар өмір сүріп келеді. Бұл олардың тілдерінің үнемі қарым-қатынаста болуына, бір біріне сөз ауысуға себепші болды. Бұл күнде бірінің сөзі екіншісіне сіңісіп кеткені соншалық олардың о баста қай тілден енген сөз екенін айыру қазір мүмкін емес болып кеткен жайттар баршылық. Бұл олардың бір бірінің сөзін өз дыбыстауына, өз тілдерінің заңдылығына сәйкес алуына байланысты. Мысалы: ата-бабамыз «Москва» сөзін өз дыбыстауында «Мәскеу», «самоварды» «самаурын», «кроватьты» «керует» деп алды. Сол сияқты осы күнгі орыс тіліндегі «стакан» қазақтың «ұстаған» сөзінен, «деньги» «теңге» сөзінен ауысқаны баршаға аян.

Әрбір тілден өзге тілден сөз алғанда өз тілінің заңдылығына сәйкес дәстүрлі дыбыстау жолымен немесе баламасын тауып аударма жасау арқылы алады. Сөйтіп тілінің сөздік қорын байытады. Бұлардың ішінде бірінші жолмен, яғни өзге тіл сөзін тілдің фонетикалық заңдылығына сай дыбыстап басып, жаншып алу қазақ тілінің табиғатына жақын келеді. Біздіңше, бұл сол тілді тұтынушылар арасындағы тілдік бөгетті азайтады, тілдің қарым-қатынасты оңайлатады.

Латын әліпбиін таңдауымыздың себебі не? Жалпы қай әліпбиді таңдасақ та ондағы таңбалар қазақ тілінің өзіндік дыбыстық жүйесіне сай келсе болғаны. Әліпбиде жат дыбыстар болмауы керек. Басқаша айтқанда, мынадай орыс сөзін қалай жазамыз деп орыс тілінің дыбысын, ағылшын сөзін жазамыз деп ағылшын тілінің дыбысын алуға болмайды. Олай ететін болсақ, әліпби ауыстырудың қажеттілігі жоқ. Қарап отырсақ, кирилл әліпбиінің иесі - орыстар, армян жазуының иесі - армяндар, иероглиф – қытайдікі, араб - жазуы арабтікі, ал латын әліпбиі барлық тілдерге ортақ. Өйткені латын тілі – тек жазуда ғана қолданылатын өлі тіл. Сондықтан оны ағылшын да, француз да, неміс те, италияндық та, өзбек пен түріктер де пайдаланады. Латын әліпбиі сондай-ақ ғылым мен техникада, әсіресе компьютер тілі ретінде кеңінен қолданылады. Сондықтан латын графикасына негізделген қазақ жазуын жасау – заман талабы, уақыт сұранысы.

Әліпби ауыстыру - өз тілімізді ұмытып басқа тілге (латын тіліне) көшу емес, ана тілімізді түлетіп, қоғам сұранысы сай ету, қолданыс аясын арттырып, осы заманғы ғылыми-техникалық прогреске икемді тіл ету. Жаңа әліпбиді игеру бүгін басталып, ертең аяқталатын мәселе емес. Ол арнайы бекітілгеннен кейін өзіндік емле ережелері жасалып, кезең-кезеңмен жүзеге асатын кешенді үдеріс. Жаңа әліпбиді игере алмаймыз деп қорқудың, дабыра қылудың еш қисыны жоқ. Қайта ана тілімізді әлемнің дамыған тілдерінің қатарына қосатын жақсы жаңалыққа үн қосып, қолдау білдірейік.

Енді латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің талқылауға ұсынылған жобаларына байланысты өз ойымды ортаға салайын. 2017 жылдың 11 қыркүйек күні Парламенттік тыңдауға ұсынылған қазақ әліпбиінің бірінші жобасындағы кейбір дыбыс таңбаларын ой елегінен өткізіп қайта қарау керек. Әсіресе бұл жіңішке дауысты «Ә», «Ө», «Ү» дыбыстарына байланысты. Бұл дыбыстарды ұсынылған әліпби жобасындағы диграфтармен беру көптеген қиындықтар туғызатын сыңайлы.

#### **Атап айтқанда:**

**Біріншіден**, осы уақытқа дейінгі қолданылып келген әртүрлі қазақ әліпбилерінде мұндай бір дыбысты қос таңбамен беру кездеспейді. Сондықтан осыған орай қоғамдық сана «бір таңба – бір дыбыс» түрінде қалыптасқан. Екі таңбамен бір дыбысты беру, оның үстіне өзіміздің төл дыбыстарымызды айту мен жазуда қиындық туғызады, шатасуға әкеледі. Оны оқытып үйретуге, дағды қалыптастыруға ұзақ уақыт кетеді.

**Екіншіден**, қазақ тілінің заңдылығында екі дауысты дыбыстың қатар келуі де тілдік санаға кері әсер етеді.

**Үшіншіден**, жалғамалы тілдер типіне жататын қазақ тіліндегі сөздердің бір буынды түбірлерге дейін бөлшектене алатынын ескерсек, бір дыбыстың екі таңбамен берілуі сөз түбірі мен қосымшаларын айыру да, сөзді буынға бөлуде қиындық туғызып, әртүрлі әуре сарсаңға салады.

**Төртіншіден**, тіліміздегі үндестік заңына нұқсан келеді, ілгерінді және кейінді ықпал заңдылықтарына мұның әсер ететіні анық.

**Бесіншіден**, жаңа әліпби жобасындағы осындай шикіліктер «Ғ» және «Ң» дыбыстарына да қатысты.

**Алтыншыдан**, жазу – жауапты іс, өйткені жазу дұрыс қабылданбаса, ол тұтастай тілді өзгертіп жібереді. Бізде әуелі тілдік заңдылықты қолдан жасап алып, сонан соң тілді сол заңдылыққа бейімдеуге тырысушылық кездеседі. Мұндайға жол беруге болмайды.

**Жетіншіден**, қоғамда пікір туғызып, шикіліктері мен олқылықтары бар деп көрсетіліп жүрген мұндай әліпби жобасын одан әрі көпшілікке салып, дау-дамайға жібере беруге болмайды. Тіл мамандары бас қосып бір шешімге келгені жөн.

2017 жылдың 9 қазанында Елбасы назарына ұсынылған, «Ақорда кз» сайтында жарияланған жаңа әліпби біздің графикалық санамызға сай «бір әріп – бір дыбыс» ыңғайында жасалған. Бұл үйренуге де үйретуге де ыңғайлы. Тілдің заңдылығына да сай келіп тұр. Латын графикасындағы 26 таңба да толық игерілген деп айтуға болады. Тіліміздегі жіңішке дауысты «Ә», «Ө», «Ү» дыбыстары, сондай-ақ дауыссыз «Ғ», «Ң» дыбыстары апострофтармен берілген. Мұндай үлгі бірнеше тілдерде (неміс, түрік, әзербейжан, өзбек т.б.) бар. Сондықтан одан қорқудың қажеті жоқ. Сондай-ақ жаңа әліпбиде кірме дыбыстар ретінде 4 дыбыстың таңбасы (Ф, Х, В, Ч) алынған. Бұл да қажет болар. Өйткені, бұл дыбыстармен көптеген сөздер (мыңнан аса) енген, оларды қайта таңбалап, шатасушылық тудырудың қажеті жоқ сияқты. Бірақ бір ескеретін жағдай бұл кірме дыбыстарды негізгі қазақ әліпбиіне ендірмей, оларды қосымша ретінде, өзге тілдерден енетін сөздерді жазуда қолданатын дыбыстар етіп алу керек. Өзіндік емле ережесі жасалуы тиіс. Бұл айтылғандар жаңа әліпби жобасын талдау барысындағы біздің құптайтын тұстарымыз. Ал енді кейбір дыбыс таңбаларына таңбалауға байланысты ұсыныстарымыз да жоқ емес. Олар:

**Біріншіден**, тілімізде «Ы» және «І» дыбыстары жуан және жіңішке пар дыбыстар ретінде қатар жүреді. Сондықтан осы дыбыстарды «А» және «Ә», «О» және «Ө», «Ү» және «Ү» дыбыстары сияқты бір таңбамен, яғни дауысты «Ы» дыбысын ешбір апострофсыз «І» таңбасымен, жіңішке «І» дыбысын апостроф немесе жоғары жағына нүкте қою арқылы «І'» таңбасымен берсе дұрыс болар еді.

**Екіншіден**, жаңа әліпби жобасында «І» таңбасымен екі дыбыс дауысты «И» және дауыссыз «Й» беріліпті. Осындағы дауысты «И» дыбысы біздің тілімізде жоқ болғандықтан оны алып тастау керек. Ал дауыссыз «Й» дыбысын «Ү» таңбасымен беру керек.

**Үшіншіден**, әліпби жобасында дауыссыз «У» дыбысы апостроф арқылы «Ү» таңбасымен беріліп тұрғаны біздіңше дұрыс емес. Жалпы әліпбиде алдымен таңбаның аз болғаны, сондай-ақ қосымша дәйекшелердің тіптен аз болғаны дұрыс десек, «У» дыбысын «W» таңбасымен берген жөн.

**Төртіншіден**, жаңа әліпби жобасында латын графикасында бар «С» таңбасы игерілмей қалған, ол таңбаны апострофпен «Ч» дыбысын беруде ғана қолданған. «Ч» дыбысын түркі халықтарында және өзіміздің оңтүстік говорларда бар деп алудың қисыны жоқ сияқты. Бұл дыбысты «Ш» дыбысымен айтуға әбден болады. Сондықтан ешқандай апострофсыз «С» таңбасын «Ш» дыбысының таңбасы ретінде алу керек. Сонда әліпбиде таңба да, апостроф та азаяды.

**Бесіншіден**, жоғарыда айтып өткеніміздей, жаңа әліпби жобасында кірме үш дыбыс (Ф, Х, В) алынған. Осылардың ішінде «Н» таңбасымен «Х» және «Һ» дыбыстары берілген. Біздіңше «Һ» дыбысын алып тастау керек. Өйткені ол дыбысты қазақтың «Қ» дыбысы толық алмастыра алады. Егер қабылдағалы отырған әліпбиді «латын графикасына негіз-



делген қазақ әліпбиі» деп атайтын болсақ, онда тілімізге тән емес жат дыбыстар болмауы керек. Сондықтан біздің ұсынысымыз мұндай кірме дыбыстар негізгі әліпбиге қосымша ретінде беріліп, өз алдына емле ережесі жасалуы керек сияқты.

**Алтыншыдан**, жаңа әліпби жобасында пайдаланғалы отырған апострофтардың қойылуын әлі де ойлану керек. Латын әліпбиін алған елдердегі (әсіресе түркі халықтарының) тәжірибе ескерілгені дұрыс.

**Жетіншіден**, қабылдағалы отырған жаңа әліпбиімізді компьютердің перне тақтасына орналастырылуы да мінсіз болуы керек. Ол ағылшын, орыс немесе басқа тілдердегі мәтінді теруге кететін уақыт мөлшерінен кем болмауы тиіс. Өйткені осы күнгі пайдаланып жүрген кирилл жазуындағы әліпбиіміздің перне тақтада ретсіз орналасуы кесірінен қазақ тіліндегі мәтінді орыс не ағылшын тілінде теретін уақыттан көп жұмсалатыны, қиындық тудыратыны көп айтылып жүр.

Осы жоғарыда айтылған мәселелерді, яғни бізге неге әліпби ауыстыру қажет деген мәселе мен латын әліпбиін таңдауымыздың себебі не деген сұрақтарды жалпы жұртшылық бүгінгі күні түсінді, халықтың көпшілік бөлігі өздерінің оң көзқарасын білдірді деп ой түюге болады. Оның үстіне Елбасы латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің соңғы жобасына қол қойды.

Енді **алдымыздағы міндет** – осы қол қойылған әліпбидің кем-кетігін жөндеп, оны қолданудың емле ережесін жасау. Бұл алдыңғы мәселеден де күрделі, аса жауапты іс. Оны жоғарыдағы мәселелер сияқты бүкіл халыққа салып, дабыра қылудың қажеті жоқ. Бұл, біздіңше, ұйымдасқан түрде аса саналылықпен шешілетін жұмыс. Ол үшін Президент Жарлығына сәйкес қазақ әліпбиін латын графикасына ауыстыру бойынша үкімет құратын комиссия Астана не Алматы қаласында съезд не конференция сияқты бір үлкен республикалық жиын ұйымдастыруы қажет.

